

«Ахмет Байтұрсынұлы  
атындағы Қостанай өңірлік  
университеті» КеАҚ



Бекітемін  
Басқарма Төрағасы-Ректор  
С.Куанышбаев  
2024г.

---

## ЕРЕЖЕ

### ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚАЙТА ДАЯРЛАУ Е 057-2024

**Алғы сөз**

**1 Қосымша білім беру бөлімімен ӘЗІРЛЕНДІ**

**2 Қосымша білім беру бөлімімен ЕНГІЗІЛДІ**

**3 Ректордың 01.10.2024 ж. №223/1 НҚ бұйрығымен БЕКІТІЛДІ ЖӘНЕ ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛДІ**

**4 ӘЗІРЛЕУШІЛЕР:**

Г. Жакаева – қосымша білім беру бөлімі бастығының м.а.

**5 САРАПШЫ:**

Ә. Наурызбаева - Басқарма мүшесі-академиялық мәселелер жөніндегі проректор, тарих ғылымдарының кандидаты.

**6 ТЕКСЕРУ КЕЗЕҢДІЛІГІ**

3 жыл

**7 ЕНГІЗІЛДІ**

Е 056-2021 Ереже. Педагог кадрларды қайта даярлау. Орнына енгізілді

Осы Ереже «Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университеті» КеАҚ Ректоры-Басқарма Төрағасының рұқсатынсыз толық немесе ішінара көбейтілмейді, тираждалмайды және таратылмайды.

**Мазмұны**

1	Қолдану саласы .....	4
2	Нормативтік сілтемелер.....	4
3	Анықтамалар.....	5
4	Белгіленулер және қысқартулар.....	5
5	Жалпы ережелер .....	5
6	Құжаттарды қабылдау және педагогикалық қайта даярлау курстарына қабылдау .....	6
7	Педагогикалық қайта даярлаудың білім беру бағдарламалары.....	7
8	Педагогикалық қайта даярлау бағдарламаларының оқу процесін ұйымдастыру тәртібі.....	8
9	Келісу, бекіту, тарату .....	9
10	А қосымшасы. Өтініш нысаны .....	10
11	Б қосымшасы. Келісім-шарт	11
12	Б қосымшасы сертификат нысаны.....	17
13	Г қосымшасы. Жұмыс оқу бағдарламасының нысаны .....	18

## **1-тарау. Қолдану саласы**

1. Ережеде педагогикалық қайта даярлауды ұйымдастыру тәртібі сипаттайды. Бұл құжат университеттің нормативтік - анықтамалық құжаттамасының құрамына кіреді, орындау үшін міндетті болып табылады және "Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университеті" КЕАҚ (Университет) барлық құрылымдық оқу бөлімшелерінде қолданылады.

## **2-тарау. Нормативтік сілтемелер**

2. Осы Ережеде келесі нормативтік құжаттарға сілтемелер қолданылған:

- 1) Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі «Білім туралы» № 319-III Заңы;
- 2) Қазақстан Республикасының "Педагог мәртебесі туралы" 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 293 - VI Заңы;
- 3) Қазақстан Республикасының "Кәсіптік біліктілік туралы" 2023 жылғы 04 шілдедегі №14-VIII Заңы;
- 4) Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы № 414-V Еңбек кодексі;
- 5) "Педагог" кәсіби стандартын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім министрінің м. а. 2022 жылғы 15 желтоқсандағы №500 бұйрығы;
- 6) Педагогикалық қайта даярлау қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 17 наурыздағы №110 бұйрығы;
- 7) "Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығы;
- 8) "Мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру, тиісті үлгілер мен түрлердегі қосымша білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 бұйрығы;
- 9) Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті Төрағасының 2020 жылғы 05 маусымдағы № 350 бұйрығымен бекітілген және қолданысқа енгізілген "Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университеті" КЕАҚ Жарғысы;
- 10) ДП 082-2022 Құжаттандырылған рәсім. Құжаттаманы басқару.

## **3-тарау. Анықтамалар**

3. Осы Ережеде Қазақстан Республикасының "Білім туралы" Заңына, педагогикалық қайта даярлау қағидаларына сәйкес терминдер мен анықтамалар қолданылады";

Қайта даярлау-басқа кәсіпті немесе мамандықты игеруге мүмкіндік беретін кәсіптік оқыту нысаны;

Тыңдаушылар – кәсіби білімі бар, педагогикалық білімі жоқ, тиісті бейін бойынша педагогтың кәсіби қызметіне алғаш рет кірісетін тұлғалар, сондай-ақ педагогикалық білімі бар, бірақ «Педагогикалық ғылымдар» білім беру саласында басқа кәсіпті немесе мамандықты меңгергісі келетін, Университет базасында педагогикалық қайта даярлаудан өтетін тұлғалар.

#### **4-тарау. Белгілер мен қысқартулар**

4. Осы Ережеде келесі қысқартулар қолданылады:

- 1) Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университеті» КЕАҚ, Университет, «Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университеті» Коммерциялық емес акционерлік қоғамы»
- 2) ҚБББ – қосымша білім беру бөлімі;
- 3) ПОҚ – профессорлық-оқытушылық құрам;
- 4) ТӨЖ – тыңдаушылардың өзіндік жұмыстары;
- 5) ТООЖ – тыңдаушылардың оқытушылармен өзіндік жұмыстары;
- 6) ҚА – қорытынды аттестаттау;
- 7) ПББ – педагогтердің білімін бағалау.

#### **5-тарау. Жалпы ережелер**

5. Ереже "Педагог мәртебесі туралы" 2019 жылғы 27 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабының 2-тармағына сәйкес әзірленді және педагогикалық қайта даярлау тәртібін (бұдан әрі – курстар) айқындайды.

6. Педагогикалық қайта даярлау курстары өткізіледі:

- 1) педагогикалық білімі жоқ кәсіптік білімі бар адамдар үшін тиісті бейін бойынша педагогтің кәсіптік қызметіне алғаш рет кірісетін тұлғалар;
- 2) тиісті бейіні бойынша педагогикалық немесе кәсіптік білімі жоқ адамдар үшін;
- 3) педагогикалық білімі жоқ, бірақ жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі және тиісті даярлық бағыты бойынша біліктілігі бар адамдар үшін;

Педагогикалық қайта даярлау курстары қосымша білім беру бөлімінің базасында іске асырылады.

7. Тыңдаушыларды педагогикалық қайта даярлауды қосымша білім беру бөлімі педагогикалық қайта даярлаудың білім беру бағдарламаларына қабылдау кезінде "Педагогикалық ғылымдар" даярлау бағыты бойынша білім беру қызметін жүргізуге арналған лицензияның қолда бар қосымшаларыға сәйкес жүзеге асырады.

8. Тыңдаушыларды педагогикалық қайта даярлау университеттің базасында шарттық негізде, күндізгі оқу нысаны бойынша жүзеге асырылады.

Тиісті педагогикалық қайта даярлаудан өткеннен кейін педагог ретінде кәсіби қызметпен айналысу құқығы беріледі.

9. Педагогикалық қайта даярлаудың білім беру бағдарламасын игеру ұзақтығы:

1) педагогикалық білімі жоқ, тиісті бейін бойынша педагогтің кәсіби қызметіне алғаш рет кірісетін кәсіптік білімі бар тұлғалар үшін 5 айды құрайды.

2) тиісті бейіні бойынша педагогикалық немесе кәсіптік білімі жоқ адамдар және педагогикалық білімі жоқ, бірақ жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі және тиісті даярлық бағыты бойынша біліктілігі бар тұлғалар үшін 5 айды құрайды.

### **6-тарау. Құжаттарды қабылдау және педагогикалық қайта даярлау курстарына қабылдау**

10. Университетте педагогикалық қайта даярлау курстарына құжаттарды қабылдау үшін Басқарма Төрағасы-Ректордың шешімімен қабылдау комиссиясы құрылады.

11. Қабылдау комиссиясының құрамына Басқарма Төрағасы – Ректор, академиялық мәселелер жөніндегі проректор, Ө. Сұлтанғазин атындағы педагогикалық институт директоры, Ө. Сұлтанғазин атындағы педагогикалық институттың дайындық бағыттары бойынша кафедра меңгерушілері; құқықтық қамтамасыз ету және Мемлекеттік сатып алу бөлімінің бастығы кіреді. Қабылдау комиссиясының сандық құрамы мүшелердің тақ санынан тұрады. Қабылдау комиссиясының төрағасы Басқарма Төрағасы-Ректор болып табылады. Хатшы қабылдау комиссияның құрамына кірмейді.

12. Университет Басқарма Төрағасының-Ректорының бұйрығымен қабылдау комиссиясының жауапты хатшысы тағайындалады.

13. Курстарға түсушілер университеттің қабылдау комиссиясының хатшысына келесі құжаттарды тапсырады:

1) университет басшысының атына өтініш (осы Ереженің А қосымшасына сәйкес);

2) жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;

3) білім туралы құжаттың көшірмесі;

4) өлшемі 3x4 сантиметр болатын алты фотосурет;

5) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің м. а. 2010 жылғы 23 қарашадағы № 907 бұйрығымен бекітілген 075-У нысанындағы медициналық анықтама (Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2010 жылғы 21 желтоқсанда № 6697 болып тіркелген);

б) жоғары білім туралы құжат.

Жоғарыда көрсетілген құжаттардың көшірмелерімен қатар, салыстыру үшін олардың түпнұсқалары ұсынылады. Салыстыру жүргізілгеннен кейін түпнұсқалар қайтарылады.

Осы тармақта көрсетілген құжаттардың толық емес тізбесі ұсынылса, университеттің қабылдау комиссиясының хатшысы құжаттарды қайтарады.

14. Осы Ереженің 13-тармағында көрсетілген құжаттардың толық тізбесі ұсынылса, педагогикалық қайта даярлау курстарына қабылдау университеттің қабылдау комиссиясының шешімімен жүзеге асырылады және университет басшысының немесе оның міндеттерін атқарушы тұлғаның бұйрығы шығарылады.

15. Педагогикалық қайта даярлау курстарына қабылданғаннан кейін университет пен тыңдаушы арасында шарт жасалады (осы Ереженің Б қосымшасына сәйкес).

16. Қабылдау комиссиясы тыңдаушының жеке ісін қалыптастырады. Оқуға қабылдау туралы бұйрық шыққаннан кейін тыңдаушылардың жеке істерін қабылдау комиссиясы сақтау үшін қосымша білім беру бөліміне жібереді.

17. Педагогикалық қайта даярлаудың білім беру бағдарламасын меңгеру тыңдаушыларды қорытынды аттестаттаумен аяқталады.

18. Педагогикалық қайта даярлау бағдарламасынан сәтті өткен тыңдаушыларға осы Ереженің қосымшасына сәйкес нысан бойынша университет сертификаты беріледі.

### **7-тарау. Педагогикалық қайта даярлаудың білім беру бағдарламалары**

19. Педагогикалық қайта даярлаудың білім беру бағдарламаларын Ө. Сұлтанғазин атындағы педагогикалық институттың кафедралары әзірлейді, пәнді оқытудың мақсаты, нәтижелері, пәннің еңбек сыйымдылығы, мазмұны, оқыту және бағалау әдістері айқындалады.

20. Дайын білім беру бағдарламасы Жоғары білім берудің бірыңғай платформасының тізіміне енгізіледі.

21. Педагогикалық білімі жоқ, тиісті бейін бойынша педагогтің кәсіби қызметіне алғаш рет кірісетін кәсіптік білімі бар тұлғаларды педагогикалық қайта даярлаудың білім беру бағдарламасының көлемі 45 кредитті құрайды, оның ішінде 35 кредит - теориялық оқыту, 10 кредит - педагогикалық тәжірибе.

22. Тиісті бейіні бойынша педагогикалық немесе кәсіптік білімі жоқ тұлғалар және педагогикалық білімі жоқ, бірақ жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі және тиісті даярлық бағыты бойынша біліктілігі бар тұлғалар үшін педагогикалық қайта даярлаудың білім беру бағдарламасының көлемі 35 кредиті - теориялық оқытуды, 10 кредиті - педагогикалық практиканы құрайды.

23. Білім беру бағдарламаларын әзірлеу кезінде оқу сабақтарының жалпы көлемі (дәрістік, практикалық, зертханалық сабақтар) пәннің жалпы көлемінің кемінде 30% -. құрауы тиіс екендігі ескерілуге тиіс. Әр пән бойынша кем дегенде 15 сағат жоспарлануы керек ТООЖ. Академиялық сағаттардың қалған көлемі ТӨЖ-ге жоспарланада.

24. Педагогикалық қайта даярлаудың білім беру бағдарламасының әрбір пәні бойынша пәннің жұмыс оқу бағдарламасы (силлабус) әзірленеді, оны Академиялық мәселелер жөніндегі проректор бекітеді.

### **8 тарау. Педагогикалық қайта даярлау бағдарламаларының оқу процесін ұйымдастыру тәртібі**

25. Бір оқу жылы ішінде оқу процесін ұйымдастыру оқу жоспары негізінде жүзеге асырылады. Оқу жоспарын қосымша білім беру бөлімі әзірлейді және ғылыми кеңестің шешімімен бекітіледі. Оқу жоспарында оқу сабақтарын, педагогикалық тәжірибені, қорытынды аттестаттауды өткізу кезеңдері көрсетілген.

26. Оқу сабақтары оқу жоспарындағы оқу процесінің кестесіне сәйкес кесте бойынша өткізіледі.

27. Тыңдаушылардың оқу сабақтарының кестесі оқу сабақтарының басталуына дейін Академиялық мәселелер жөніндегі проректормен бекітіледі.

28. Оқу кестесі академиялық кезеңге жасалады және академиялық кезең басталғанға дейін 7 күннен кешіктірілмей университет сайтында жүктеледі. Оқу сабақтары бір ауысымда өткізіледі. Оқу сабақтарының басталу және аяқталу уақыты 17:00-ден 20:00-ге дейін белгіленеді. Сабақтың әрбір академиялық сағатынан кейін ұзақтығы 10 минут үзіліс белгіленеді.

29. Қашықтықтан білім беру технологияларын қолдана отырып, педагогикалық қайта даярлау курстарын өткізу кезінде оқу сабақтары (дәрістік, тәжірибелік), ТООЖ бейнеконференциялар өткізу үшін сервисті пайдалана отырып, онлайн форматта өткізіледі.

30. Оқу сабақтарына қатысу және ағымдағы бақылаудың барлық түрлерін орындау барлық тыңдаушылар үшін міндетті болып табылады.

31. Оқу сабақтарының, ТООЖ және ТӨЖ мазмұны, сондай-ақ оқу сабақтарының нысаны жұмыс оқу бағдарламасымен (силлабуспен) айқындалады.

32. Педагогикалық тәжірибенің мазмұны тәжірибе бағдарламасымен анықталады.

33. Педагогикалық тәжірибені тыңдаушылар педагогикалық қайта даярлаудың білім беру бағдарламасының бейініне сәйкес Қостанай қ., Қостанай облысы және Қазақстан Республикасы білім беру ұйымдарында өтеді.

34. Педагогикалық қайта даярлаудың білім беру бағдарламалары бойынша тыңдаушылардың педагогикалық тәжірибеден өтуі үшін Университет білім беру ұйымдарымен келісім-шарттар жасайды.



35. Педагогикалық білімі жоқ, кәсіптік білімі бар тиісті бейін бойынша педагогтің кәсіби қызметіне алғаш рет кірісетін тұлғалар үшін 10 кредит көлеміндегі педагогикалық тәжірибенің ұзақтығы 5 апта.

36. Педагогикалық тәжірибеден өту нәтижелері бойынша тыңдаушы оның өткендігі туралы есеп береді.

37. Педагогикалық қайта даярлаудың білім беру бағдарламасы бойынша қорытынды аттестаттау кешенді емтихан түрінде өткізіледі.

38. Университеттен шығарылған жағдайда, тыңдаушы педагогикалық қайта даярлаудың білім беру бағдарламасын игеру кезеңінде қызмет көрсетуге ақы төлеу міндеттемелері бойынша босатылмайды.

39. Тыңдаушы оқу сабақтарына дәлелсіз себептермен бармаған, сондай-ақ университетпен байланысын жоғалтқан жағдайда, тыңдаушы педагогикалық қайта даярлау қызметтері үшін ақы төлеу міндеттемелері бойынша босатылмайды.

40. Егер келісім-шарт кез келген тараптардың бастамасы бойынша бұзылған жағдайда қызметтер үшін ақы төлеуге есептеу аударым туралы бұйрық шығарылған күннен бастап тоқтатылады.

41. Педагогикалық қайта даярлаудың білім беру бағдарламасын сәтті аяқтаған тыңдаушыларға осы Ереженің қосымшасына сәйкес сертификат беріледі.

42. Сертификаттың болуы педагогті Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес МББ тапсырудан босатпайды.

### **9-тарау. Келісу және тарату**

43. Ережені келісу, бекіту және тарату ҚП 082-2022 Құжатталған процедура. Құжаттамаларды басқаруға сәйкес жүргізілуі тиіс.

44. Осы Ереже Академиялық мәселелер жөніндегі проректор, құқықтық қамтамасыз ету және мемлекеттік сатып алу бөлімінің бастығы және құжаттамылық қамтамасыз ету бөлімі бастығымен келісілуі тиіс.

45. Құжаттың түпнұсқасы «Бекіту парағымен» бірге қабылдау-тапсыру актісіне сәйкес ҚҚЕБ не сақтауға беріледі.

46. Осы Ереженің жұмыс данасы университеттің веб-сайтында ішкі корпоративтік желіден кіру мүмкіндігімен орналастырылады.

**А қосымшасы**

**Өтініш нысаны**

**«Ахмет Байтұрсынұлы  
атындағы Қостанай  
өңірлік университеті»  
КеАҚ Басқарма  
Төрағасы-Ректор  
С.Б. Қуанышбаевқа**

---

(Тыңдаушының аты-жөні)

**ӨТІНІШ**

Педагогикалық қайта даярлаудың білім беру бағдарламасына  
тыңдаушылар қатарына қабылдауды сұраймын

---

(Білім беру бағдарламасының шифры және атауы)

- педагогикалық білімі жоқ, тиісті бейін бойынша педагогтің кәсіби қызметіне алғаш рет бастайтын кәсіптік білімі бар тұлғалар үшін;
- тиісті бейіні бойынша емес педагогикалық немесе кәсіптік білімі бар тұлғалар үшін;
- педагогикалық білімі жоқ, бірақ жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі және тиісті даярлық бағыты бойынша біліктілігі бар тұлғалар үшін.

*(керегінің астын сызу)*

« \_\_\_ » \_\_\_\_\_ 202\_\_ ЖЫЛ

---

КОЛЫ

## Б қосымшасы

### Келісім-шарт нысаны

#### ТҮЛҒАЛАРДЫ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҚАЙТА ДАЯРЛАУ БОЙЫНША ҚЫЗМЕТТЕРДІ КӨРСЕТУ ШАРТЫ № \_\_\_\_\_

Қостанай қ.

« \_\_\_\_ » \_\_\_\_\_ 202 \_\_\_\_ ж.

Бұдан әрі «Университет» деп аталатын «Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университеті» КЕАҚ Жарғы негізінде әрекет ететін Басқарма Төрағасы-Ректоры Қуанышбаев Сейтбек Бекенович, бір жағынан және бұдан әрі «Тыңдаушы» деп аталатын азамат (ша)

(Тегі, аты, әкесінің аты )

екінші жағынан, төмендегідей мазмұндалған келісім-шарт жасасты:

### 1. ШАРТТЫҢ МӘНІ

1. Тыңдаушы ақысын төлейді, ал Университет кәсіби білімі бар, педагогикалық білімі жоқ, тиісті бейін бойынша педагогтың кәсіби қызметіне алғаш рет кірісетін тұлғаларды \_\_\_\_\_

(Білім беру бағдарламасының шифры және атауы)

білім беру бағдарламасымен педагогикалық қайта даярлауды ұйымдастыру және оларға сертификат беру міндеттемелерін өзіне жүктейді.

2. Педагогикалық қайта даярлау курсының ұзақтығы:

- педагогикалық білімі жоқ кәсіптік білімі бар, университетте тиісті бейіні бойынша педагогтың кәсіби қызметін алғаш рет бастайтын тұлғаларға 5 айды құрайды, оның ішінде тыңдаушы педагогикалық қайта даярлаудың 45 кредит көлеміндегі білім беру бағдарламасын меңгеруі тиіс.

### 2. ТАРАПТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

#### 3. Университет міндеттері:

1) толық құжаттар пакетін ұсынған Тыңдаушыны Университетке педагогикалық қайта даярлау курстарына қабылдау;

2) Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңына, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 17 наурыздағы «Педагогикалық даярлау қағидаларын бекіту туралы» № 110 Заңына және педагогикалық қайта даярлаудың таңдалған білім беру бағдарламасына сәйкес Тыңдаушы үшін педагогикалық қайта даярлау курстарын ұйымдастыру;

3) Тыңдаушыға педагогикалық қайта даярлаудың білім беру бағдарламасын меңгерудің дұрыс, қауіпсіз жағдайларын жасау;

4) Тыңдаушыға педагогикалық қайта даярлаудың білім беру бағдарламасын меңгеру аясында компьютерлік техникаға, аудиториялық қорға, зертханалық қорға, спорттық, оқу, акт залдарына, ақпараттық қорларға, Университеттің кітап қорларына, Университеттің оқу, ғылыми және басқа бөлімшелерінің қызметтеріне еркін қол жеткізуге және оларды пайдалану мүмкіндігін беру;

5) Университеттің педагогикалық қайта даярлаудың білім беру бағдарламасына, педагогикалық қайта даярлаудың білім беру бағдарламасын іске асыру графигіне, тәжірибе бағдарламасына сәйкес Тыңдаушының педагогикалық тәжірибеден өтуін ұйымдастыру.

#### **4. Университет құқылы:**

1) осы Ережеге, ішкі тәртіп ережелеріне, сондай-ақ Университеттің ішкі нормативтік құжаттарына, Академиялық адалдық ережелеріне, педагогикалық қайта даярлау ережелеріне сәйкес, тыңдаушыдан міндеттерін адал және тиісінше орындауын талап ету;

2) Ішкі тәртіп ережелерін, осы Шарттың талаптарын, Университеттің ішкі нормативтік құжаттарын, академиялық адалдық ережелерін, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасын бұзғаны үшін Тыңдаушыға ықпал ету шараларын қолдану;

3) Тыңдаушыдан Университет мүлкіне ұқыппен қарауын, компьютерлік және басқа техникамен, зертханалық жабдықпен жұмыс істеу ережелерін сақтауын талап ету. Тыңдаушы материалдық нұқсан келтірсе, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен көзделген тәртіпте оны қалпына келтіруге жұмсалған шығындарды өтеуін талап ету;

4) Шартты бір жақты соттан тыс тәртіпте келесі себептермен бұзуға: академиялық үлгермеушілігі үшін; Университет Жарғысы мен ішкі тәртіп ережелерін, академиялық адалдық саясатын бұзғаны үшін; келісім-шарттың міндеттемелерін орындамағаны үшін; сондай-ақ Университет Жарғысымен және Университеттің басқа нормативтік құқықтық құжаттарымен және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен көзделген басқа жағдайларда;

5) Тыңдаушының жазбаша жұмыстарын кірме материалдың болуы тұрғысынан және басқа тілден аударылған мәтіннің қолданылуын қоса алғанда, мағынасын өзгертпей синонимдермен ауыстырылған сөздері мен сөйлемшелері бар мәтіннің қолданылуы тұрғысынан тексеру;

6) қашықтықтан білім беру технологияларын қолдана отырып, педагогикалық қайта даярлау курстарын ұйымдастыру.

#### **5. Тыңдаушы міндеттері:**

1) Педагогикалық қайта даярлаудың білім беру бағдарламасын толық көлемде меңгеруге, бағдарлама бойынша оқыту нәтижелерін меңгеру;

2) кестеге сәйкес оқу сабақтарына (дәрістік, тәжірибелік, зертханалық сабақтар), ТООЖ қатысуға, педагогикалық тәжірибеден өтуге уақтылы кірісуге, оқу тапсырмаларының барлық түрлерін жұмыс оқу бағдарламасымен (силлабус) белгіленген мерзімдерде орындауға, педагогикалық тәжірибе бойынша есептерді уақтылы ұсыну, ағымдағы бақылау, аралық және қорытынды аттестаттаудың барлық түрлерінен өту;

3) Ішкі тәртіп ережелерін, академиялық адалдық ережелерін, педагогикалық қайта даярлау ережелерін және Университеттің басқа ішкі нормативтік ережелерін мүлтіксіз сақтау;

4) Университетке қатысты құқықтары мен міндеттерін адал және дұрыс орындау, мүдделеріне қаржылық және Университеттің абырой-беделі мен іскерлік беделіне нұқсан келтіретін әрекеттер жасамау;

5) Университетпен жасалған Шарттың талаптарын адал орындау, соның ішінде педагогикалық қайта даярлау қызметтерінің ақысын уақтылы төлеу;

6) Құзыреттері шегінде шығарған Университет әкімшілігінің, қашықтықтан оқыту және қосымша білім беру басқармасы басшылығының бұйрықтарын, өкімдерін, нұсқаулары мен ұйғарымдарын тиісінше орындау;

7) ПОҚ, Университеттің басқа жұмысшыларының, сондай-ақ басқа тыңдаушылардың ар-намысы мен абыройын құрметтеу, соның ішінде: оқу сабақтарын дұрыс өткізуге кедергі жасайтын әрекеттер жасамау; сөйлеген кезде дөрекі, әдепсіз және балағат сөздерді айтпау; өзін лайықты ұстау, сөйлескен кезде сыпайы және әдепті болу,

жеке тұлғаға тіл тигізбеу; басқа тұлғаларға міндеттерін орындауына кедергі жасайтын әрекеттер жасамау;

8) Университеттің белгіленген ішкі тәртібін, қоғамдық тәртіпті, көпшілік мақұлдаған жүріс-тұрыс нормаларын сақтау;

9) Университетте белгіленген рұқсатнамалық режимді сақтау, соның ішінде Университет аумағына, аудиторияларына және бөлімшелеріне кіру құқығын беретін құжатты басқа тұлғаларға бермеу және басқа тұлға берген құжатты пайдаланбау;

10) Қауіпсіздік техникасы, өрт қауіпсіздігі, өндірістік санитария және жеке гигиена ережелерін сақтау;

11) Тыңдаушы Университет мүлкіне, сондай-ақ Университет заңнамалық актілердің немесе шарттың себебінен жауапты үшінші тұлғалардың мүлкіне нұқсан келтірген жағдайда, тыңдаушы толық материалдық жауапкершілік тартады және Университетке келтірген шығындарды Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен белгіленген тәртіпте, өз еркімен немесе сот шешімі негізінде өтейді;

12) Университет басшылығының талабы бойынша осы Шарттың талаптарын, Университеттің ішкі нормативтік құжаттарының талаптарын және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасын сақтау мәселелері бойынша жазбаша түсініктеме беру;

13) Университетке осы Шартты орындаудан бас тартуы туралы дереу жазбаша түрде хабарлау. Хабарлау оқудан шығуға арналған өтінішті беру арқылы жүргізіледі.

#### **6. Тыңдаушы құқылы:**

1) білім беру бағдарламасына сәйкес педагогикалық қайта даярлау бойынша сапалы қызметтер алу;

2) педагогикалық қайта даярлаудың білім беру бағдарламасын меңгеру кестесі аясында дәлелді себеп болған жағдайда аралық аттестаттау мерзімдерін, педагогикалық тәжірибе бойынша есептерді қорғау мерзімдерін ұзарту;

3) Университетте қолданылатын оқыту әдістері, тәсілдері және технологиялары туралы жеке көзқарасын еркін білдіру, оларды жетілдіру бойынша ұсыныстар беру, пәндерді оқытуды және профессорлық-оқытушылық құрамның оқу жұмысының басқа түрлерін бағалау;

4) Университеттің спорттық, акт залдарын, ақпараттық және кітап қорларын, педагогикалық қайта дайындаудың білім беру бағдарламасымен көзделген іс-шараларды өткізген кезде Университеттің оқу, ғылыми және басқа бөлімшелерін тегін пайдалану;

5) өз қадір-қасиетін, ар-ұят бостандығын құрметтеу, оны оқытумен байланысты ақпарат алу;

6) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен және Университеттің ішкі құжаттарымен көзделген басқа құқықтар.

### **3. БІЛІМ БЕРУ ҚЫЗМЕТТЕРІНІҢ КӨЛЕМІ ЖӘНЕ ТӨЛЕУ ТӘРТІБІ**

7. Педагогикалық қайта даярлау бойынша курстардың құны

---

кұрайды.

8. Педагогикалық қайта даярлау үшін төлем қабылдау сәттен бастап, бірақ сабақ басталғаннан кешіктірмей Университеттің есеп шотына соманың 30% аудару жолымен жүргізіледі, ал қалған сомасы екі ай ішінде төленеді.

9. Университеттен шығарып жіберген жағдайда, тыңдаушы педагогикалық қайта даярлаудың білім беру бағдарламасын меңгеру кезеңі үшін қызметтердің ақысын төлеу міндеттемесінен босатылмайды.

теңгені

10. Тыңдаушы дәлелсіз себеппен оқу сабақтарына қатыспаса, сондай-ақ Университетпен байланысқа шықпаса, тыңдаушы педагогикалық қайта даярлау қызметтері үшін төлем міндеттемелерінен босатылмайды.

11. Кез келген тараптың бастамасы бойынша Шартты бұзған кезде, қызметтерді төлеуді есептеу оқудан шығару туралы бұйрықты шығарған күннен бастап тоқтайды.

#### **4. ЕРЕКШЕ ЖАҒДАЙЛАР**

12. Тыңдаушының қорытынды аттестаттауға өтуге рұқсат алмауы (академиялық үлгермеушілік) Университет білім алушылармен шарттық қатынастарды тоқтатуға және Университеттің қашықтықтан оқыту және қосымша білім беру бөлімі басшылықтарының ұсынысы бойынша Университеттен шығаруға негіз береді.

13. Тараптар оқудың барлық кезеңінде 45 академиялық сағат көлемінде дәлелді себептерсіз сабақтарға қатыспаған жағдайда, Университет педагогикалық қайта даярлау курстарын ұйымдастыру және тыңдаушының білім беру бағдарламасын меңгеруіне жағдай жасау үшін қаржылық шығындарды толығымен өтеу құқығымен осы Шартты бір жақты тәртіпте бұзуға құқылы.

#### **5. ТАРАПТАРДЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ**

14. Осы Шарт бойынша міндеттерін орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін Тараптар Қазақстан Республикасының заңдарымен белгіленген жауапкершілікке тартылады.

#### **6. ДАУЛАРДЫ ШЕШУ ТӘРТІБІ**

15. Осы Шартты орындау барысында туындайтын даулар мен келіспеушіліктер өзара қолайлы шешімдерді тұжырымдау мақсатында келіссөздер арқылы тікелей тараптармен шешіледі.

16. Тараптар келіссөздер жүргізу, өзара қолайлы шешімдер тұжырымдау арқылы шешілмеген мәселелер Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес, Шартты орындау орны бойынша.

#### **7. ФОРС-МАЖОР**

17. Карантин, пандемия, дүлей апаттар (су тасқыны, өрт және басқалар), соғыс немесе әскери қимылдар сияқты форс-мажор жағдайлары кезінде, сондай-ақ ойға қонымды түрде Тараптардың бақылауына тәуелді емес және Шартты жасаудан кейін туындаған басқа жағдайларда Тараптар жауапты болмайды. Алайда, бұл ереже форс-мажор жағдайларына ұшыраған тарап дәлелдерді ұсынған және форс-мажор жағдайы туындаған сәттен бастап үш тәуліктен кешіктірмей бұл туралы басқа тарапқа хабарлаған жағдайда әрекет етеді.

18. Билік және басқару органдары кем дегенде бір тараптың осы шарт бойынша міндеттемелерін орындауына мүмкіндік бермейтін актілерді шығаруы да Тараптардың бақылауына тәуелді емес жағдайлар болып танылады.

19. Тараптардың міндеттемелерді орындауы форс-мажорлық жағдайлары мен олардың салдарының әрекет ету мерзіміне ауыстырылады.

#### **8. ӘРЕКЕТ ЕТУ МЕРЗІМІ, ШАРТ ТАЛАПТАРЫН ӨЗГЕРТУ ТӘРТІБІ ЖӘНЕ ОНЫ БҰЗУ**

20. Осы келісім-шартқа тараптар қол қойған күннен бастап күшіне енеді және оны толықтай орындауға дейін әрекет етеді. Жаңа шартты жасаған сәтте белгіленген шарттар әрекет етеді.

21. Осы Шарттың талаптары тараптардың өзара жазбаша келісімі бойынша өзгертілуі және толықтырылуы мүмкін.

22.Тараптар арасындағы шарттық қатынастарды тоқтату сәті педагогикалық қайта даярлау курстарын аяқтау немесе Университеттен тыңдаушыны оқудан шығару туралы Университеттің тиісті бұйрық шығаруы болып табылады.

23.Осы Шарт заңды күші бірдей мемлекеттік және орыс тілдерінде екі данада жасалады және бір данадан тараптардың әрқайсысына беріледі.

**ТАРАПТАРДЫҢ ЗАҢДЫ МЕКЕНЖАЙЛАРЫ МЕН БАНК РЕКВИЗИТТЕРІ:**

**Университет:**

«Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университеті» КЕАҚ

110000 Қостанай қ.,

Байтұрсынов көш., 47

БСН: 200740006481

ЖСК: KZ398562203108711441

БСК: КСJBKZKX "БанкЦентрКредит" АҚ-да

Бек: 16 ТМК: 861

**Тыңдаушы:**

\_\_\_\_\_ (А.Ә.Т.) (бар болса) (толықтай)

\_\_\_\_\_ ЖСН

\_\_\_\_\_ (білім алушының куәлігі №, күні, кіммен берілді)

\_\_\_\_\_ (туған күні)

\_\_\_\_\_ мекенжайы

\_\_\_\_\_ байланыс деректері

**Басқарма Төрағасы-Ректоры**

\_\_\_\_\_ **С.Куанышбаев**

М.О.

\_\_\_\_\_ Тыңдаушының қолы

« \_\_\_\_ » \_\_\_\_\_ 20 \_\_\_\_ ж.

**Б қосымшасының жалғасы**

*«Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі «Білім туралы» № 319-III Заңымен, Білім беру қызметін жүргізу құқығына арналған лицензиямен, Университет Жарғысымен, Ішкі тәртіп ережелерімен, Академиялық адалдық ережелерімен, Педагогикалық қайта дайындау ережелерімен, осы Шартпен таныстым».*

**Тыңдаушы:** \_\_\_\_\_  
(қолы, А.Ә.Т.)

« \_\_\_\_ » \_\_\_\_\_ 202 \_\_\_\_ ЖЫЛ

**«Мен \_\_\_\_\_ дербес деректерімді жинауға және өңдеуге келісімді бермін.**

\_\_\_\_\_  
( қолы )



**В қосымшасы**

**Сертификат нысаны**

**СЕРТИФИКАТ**

---

(А.Ә.Т.) (бар болса)

20 \_\_ жылғы «\_\_» \_\_\_\_\_ бастап «\_\_» \_\_\_\_\_ дейін  
«Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университеті» КеАҚ  
\_\_\_\_\_ кредит көлемінде \_\_\_\_\_ - білім  
беру бағдарламасы бойынша педагогикалық қайта даярлау курстарынан  
өткені үшін берілді.

Лауазымы \_\_\_\_\_ аты-жөні

ҚОЛЫ

Мөр орны

Берілген күні «\_\_» \_\_\_\_\_ 202\_\_ ЖЫЛ

Тіркеу нөмірі: № \_\_\_\_.

**Жұмыс оқу бағдарламасының нысаны**

«Ахмет Байтұрсынұлы  
атындағы Қостанай өңірлік  
университеті» КеАҚ



Бекітемін  
Академиялық мәселелер  
жөніндегі проректор  
\_\_\_\_\_Э.Наурызбаева  
\_\_\_\_\_. \_\_\_\_\_202\_ ж.

\_\_\_\_\_ кафедрасы

**ЖҰМЫС ОҚУ БАҒДАРЛАМАСЫ**

**(Syllabus)**

пәндер

білім беру бағдарламасы

барлық кредиттер

**педагогикалық қайта даярлау курсының тыңдаушылары**

**үшін (дипломнан кейін педагогикалық білім)**

Қостанай, 2024

**Г қосымшасының жалғасы**

**2 бет**

Жұмыс оқу бағдарламасын құрастырды аты-жөні, лауазымы

\_\_\_\_.\_\_\_\_. 202\_ ж. \_\_\_\_\_

202\_ ж. \_\_\_\_\_.\_\_\_\_. \_\_\_\_\_ кафедрасының отырысында  
қарастырылды және ұсынылды, хаттама № \_\_\_\_

Кафедра меңгерушісі \_\_\_\_\_ аты-жөні

202\_ ж. \_\_\_\_\_.\_\_\_\_. \_\_\_\_\_ .\_\_\_\_.\_\_\_\_. Әдістемелік  
комиссиясымен мақұлданды, хаттама № \_\_\_\_

Әдістемелік комиссияның төрағасы \_\_\_\_\_ аты-жөні

**Г қосымшасының жалғасы**

**3 бет**

**1 Пәннің сипаттамасы**

**Пәннің мақсаттары және міндеттері**

Пәннің мақсаты:

Пәннің міндеттері:

**Оқыту әдістемесі және технологиялары:**

**Оқыту нәтижелері:**

Курсты ойдағыдай аяқтағаннан кейін тыңдаушылар:

1)

2)

**2 Пәннің мазмұны**

**1-модуль Модульдің атауы**

**1 Тақырыптың атауы**

Тақырыптың мазмұны (толығырақ). Мәтін. Мәтін. Мәтін. Мәтін. Мәтін.  
Мәтін. Мәтін.

**1) Тақырыптың атауы**

Тақырыптың мазмұны

және т.б.

**2-модуль Модульдің атауы**

**2) Тақырыптың атауы**

Тақырыптың мазмұны

және т.б.

**3 Ұсынылатын әдебиеттің тізімі**

Негізгі:

**Қосымша:**

**Г қосымшасының жалғасы**

**4 бет**

**20\_\_-20\_\_ оқу жылына тыңдаушылар үшін пәннің бағдарламасы**

**Пәннің атауы**

<b>1. Негізгі ақпарат</b>	
Институт	Қашықтан оқыту және қосымша білім беру
Білім беру бағдар.	
Оқыту нысаны	күндізгі
Кредиттер саны	
Сағаттар саны	
Бағдарлама жетекшісі	<i>Аты-жөні (толықтай)</i>
Оқытушы	
Оқытушының байланыс телефоны	
Консультациялар мекенжайы және уақыты (ТОӨЖ)	
<b>2 Пәннің мақсаттары және міндеттері</b>	
Мақсаты	
Міндеттері	

**Г қосымшасының жалғасы**

<b>3 Оқыту әдістемесі және технологиялар</b>							
<b>4 Академиялық сағаттарды тарату</b>							
Барлығы	Дәр.	Тәж.	Зерт./С туд.	ТО ӨЖ	ТӨ Ж	Емт. дайын.	Бақылау нысаны
___кредит, ___сағат							Емтихан
<b>5 Пәннің мазмұны</b>							
<b>6 Курс саясаты</b>							
<b>7 Ұсынылатын әдебиет тізімі</b>							
Негізгі	1						
	2						
	3						
Қосымша	1						
	2						

Г қосымшасының жалғасы

5 бет

8 Күнтiзбелiк-тақырыптық жоспар

Аптаның №	Модуль	Дәрістердің тақырыптары	Сағаттар	Тәжірибелік сабақтардың тақырыптары	Сағаттар	ТӨЖ тапсырмалары	Сағаттар	ТӨЖ тапсырмасы бойынша есеп беру нысаны
1	1-модуль							
2								
3								
4								
5								
6	2-модуль							
7								
8								
		<b>Барлық сағаттар</b>						

**Г қосымшасының жалғасы**

**6 бет**

**9 Бағалау өлшемшарттары**

Тыңдаушының барлық оқу жетістіктері әрбір орындалған тапсырма (сабақтарда жауап беру, үй тапсырмасын тапсыру, бақылау жұмысын орындау және т.б.) үшін 100 ұпайлық шкаламен бағаланады, аттестаттау бойынша түпкілікті қорытынды жұмыс түрлері бойынша барлық бағалардың орташа арифметикалық сомасы есептеумен жүргізіледі.

Әріп. жүйе бойынша бағалау	<b>A</b>	<b>A-</b>	<b>B+</b>	<b>B</b>	<b>B-</b>	<b>C+</b>	<b>C</b>	<b>C-</b>	<b>D+</b>	<b>D-</b>	<b>FX</b>	<b>F</b>
%-дық құрамы	95-100	90-94	85-89	80-84	75-79	70-74	65-69	60-64	55-59	50-54	25-49	0-24
Әдеттегі жүйе бойынша бағалау	Үздік		Жақсы	Жақсы		Жақсы	Қанағаттанарлық				Қанағаттанғы ысыз	

**10 Бағалау өлшемшарттары**

№	Оқу қызметінің түрі	Бағалау өлшемшарттары	Бағалау шкаласы



**Г қосымшасының жалғасы**

**7 бет**

**11 Емтихандық сұрақтар және тәжірибелік тапсырмалардың  
мысалдары**

Бағдарламаны \_\_\_\_\_ кафедрасының оқытушысы, аға оқытушысы,  
доцент, профессор 202\_ ж. \_\_\_\_\_.\_\_\_\_\_ құрастырды

\_\_\_\_\_